

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ АУҒАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУЫ

Жылма-жыл ақпан айының ортасында біз ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алып, олардың рухтарының алдында бас иеміз. Өйткені бұл соғыста 18-19 жасар өрімдей жас жігіттер жазықсыздан-жазықсыз құрбан болды. Бүгінгі жастар өздеріндей жігіттердің Отан алдындағы борышын адал орындағандарын ұқсын, олардың патриоттық сезімінен тағылым алсын деген ниетпен көрмелер ұйымдастырып, көз көргендермен кездесулер өткіземіз, сол бір сұрапыл соғыс болған ХХ ғасырдың 80-жылдарына еріксізден-еріксіз ораламыз.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың ауған соғысы туралы: «Ауған соғысында қыруар қаржы шығындадық, мыңдаған өмір қиылды, бәрібір кеңес әскеріне бұл елді тастап шығуға тура келді. Халық үшін бұдан асқан қасірет бар ма? Бұл ұтылыс жоғарғы әскери команданың белгілі бір бөлігін мықтап ойлантты» — деген ойлы сөзі бар. Биыл Ауған соғысының аяқталғанына 23 жыл толып отырғанда бұл соғыстың қалай басталғанына тағы да бір зер сала, сараласақ...

1978 жылы сәуір айында Ауғанстанда төңкеріс болып, оның арты аяқталмас соғысқа айналды. Бұл қасірет елдің тек өз ішінде ғана емес, оған сырт мемлекеттердің қатысуымен де ұзаққа созылды. 1979 жылы кеңес әскерлерінің шектеулі контингент Ауғанстанға кіріп, 10 жылға жуық соғыс жүргізді. Оған әр елден, сондай-ақ 22 мың қазақстандық қатысты.

Ауған соғысы (27.12.1979 — 15.02.1989) — КСРО Қарулы Күштерінің Ауғанстанға басым кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған соғыс. КОКП және КСРО басшылығы Ауғанстандағы 1978 жылғы сәуір төңкерісі нәтижесінде билікке келген «халықтық-демократиялық үкіметті» қолдап, көршілес елдің социалистік бағытпен дамуын көздеп, «интернационалдық әскери жәрдем береміз» деген желеумен оның ішкі істеріне араласты. Бұл «қырғи қабақ соғыс» кезеңі өткеннен кейінгі уақытта да КСРО-ның өзге елдерді өз ықпалына қарату саясатының айқын көрінісі еді.

Бейбіт өмірде Отан алдындағы борышын өтеп жүрген өрімдей жас жігіттер Ауған соғысына аттанды. Олар соғыстың мән-жайын ұғар-ұқпастан кете барды. Талайдың тағдырын тәлкекке салған Ауған соғысы он жылға созылды. Мұнда қаншама жас қыршынан қиылып, қаншасы мүгедек болып оралды. Олардың бір ғана міндеті — бала жастан санамызға сіңірілген патриоттық тәрбие - Отан алдындағы борышын өтеу, қабылдаған антына берік болу еді.

Бұл соғыстың абырой әпермейтінін Кеңес үкіметінің басшылары арада 3-4 жыл өткеннен кейін түсіне бастады. Бірақ бұл кезде «болары болып, бояуы сіңген» еді. 1983 жылдың 19 мамырында Пәкістандағы елші В. Смирнов КСРО-ның Ауғанстандағы әскерлер контингентін алып шығуға мүдделі екендігін ресми түрде жариялады.

Саяси Бюро осылайша балшыққа кіріп алып, енді былғанбай шығудың жолдарын іздестіре бастады. 1986 жылдың ақпанында болған КОКП XXVII съезінде М. Горбачев әскерді кезеңге бөліп, ауған жерінен шығару жоспарын жасау керектігін мәлімдеді. Ал 13 қарашадағы Саяси бюронь отырысында М. Горбачев: «Біздің Ауғанстанда соғысып жатқанымызға алты жыл болды. Егер бұл іске басқаша келмесек, әлі 20-30 жыл соғысатын боламыз» деп мәселені көлденеңінен қойды. Оның сөзін Бас штабтың бастығы, маршал Ахромеев те қолдады: «Біз Кабулды, провинциалдық орталықтарды бақылауға алдық, бірақ басып алған жерлерімізге билік орната алмадық. Біз ауған халқы үшін күресте жеңіліс таптық» деп ағынан жарылды. Сөйтіп, осы отырыста Ауғанстандағы барлық әскерлі екі жылдың ішінде алып шығу туралы келісілді.

1989 жылдың 23-26 ақпандағы «Тайфун» операциясы кеңес әскерлерінің ауған жеріндегі он жылға созылған соғыстағы ең ақырғы шайқасы болды. Ақпанның 4-і күні Кеңес әскері соңғы бөлімі Кабулдан шықты, ал 15 ақпанда 40-шы Әскердің қолбасшысы генерал-лейтенант Б. Громов Термез қаласында «Кеңес әскерлері Ауғанстан жерінен толықтай шықты» деп басшылыққа баяндады. Қаншама қазақ отбасына қасірет әкелген айдаладағы Ауғанстан соғысы біз үшін осылай аяқталған болатын.

Ауғанстандағы кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті құрамында барлығы 200153 адам мемлекеттік марапаттауларға ие болса, оның 10955-і осы соғыста шейіт кетті.

АДР-дағы шектеулі контингент құрамында — 86 адам Кеңес Одағының Батыры атағын алса, Кеңес армиясының 103 әскери қызметшісі Ленин орденімен, 1972 әскери қызметші Қызыл Ту ордендерімен наградталады. Батыр атағын алғандардың 29-ы осы соғыста құрбан болды. Батырлар арасында бір қазақ, бір өзбек, бір тәжік, елу орыс бар, ал қалғандары басқа ұлт өкілдері. Олардың 15-і қатардағы жауынгерлер мен сержанттар, 1-уі старшина, 62-уі офицер, 7-уі генерал, 1-уі Кеңес Одағының маршалы.

Орал облысының Жымпиты ауданындағы Тасқұдық елді мекенінде 1956 жылы туған Майданов Қайырболат Сайынұлы (Николай) еді. 1973 жылы Ақжайық (қазіргі Теректі) ауданының Шағатай ауданында орта мектепті тәмәмдаған, ол бұрынғы Чапаев ауданындағы ДОСААФ жанындағы курсты аяқтап, жүргізуші болып қызмет жасаған. Барлық жас жігіттер сияқты Кеңес әскері қатарында қызмет атқарған соң Саратовтағы Жоғарғы әскери ұшқыштар даярлайтын училищеге оқуға түседі. Өзінің офицерлік өмірбаянының алғашқы айын Ауғанстанда өткізеді. Майдан шебінде көрсеткен ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз және Қызыл Ту, III-дәрежелі «КСРО Қарулы Күштері қатарында Отанға қызмет үшін» ордендерімен наградталған. Қайырболат Сайынұлы Ауғанстанда 50 рет ұрыс операцияларына қатысып, Ауған батыры атанды. Кейінгі жылдары Ресей Қарулы Күштеріне қызмет етіп, 2000 жылы Шешенстан соғысында қаза тапты.

Соғыста Кеңес әскерінде 80-104 мың, ауған демократиялық күштерінде 50-130 мың әскер болса, оған қарсы АҚШ қолдаған оппозициялық күштер жағында 25-140 мың адам ұрыс жүргізді. КСРО құрамында Отан алдындағы міндетті арқалаған 22 000 қазақстандық толарсақтан қан кешіп, ауған жерінде 2238 күнге созылған соғыс қимылына қатысты. Ауған соғысында оның 924-і опат болып, 1015 жауынгер мүгедек болып қалды және 21 адам хабарсыз жоғалып кетті. Соғыстан қайтқандардың көпшілігі «ауған синдромынан» айыға алмай жүрді. Сонымен қатар, 90-шы жылдардың басында өткізілген тест көрсеткендей, соғысқа қатысқандардың 30-40 пайызы кәсіби психологтардың көмегіне мәжбүр болған.

Ауған соғысына байланысты 800-ден астам кітап жазылып, ондаған фильм түсірілген. Миллиондаған тағдырларға қайғы-қасірет әкелген 1979-1989 жылдардағы Ауғанстандағы соғыстың саяси сабағы және тарихи бағасы толықтай берілді деуге ерте.

«Ауған даласында от кешіп, отан үшін жан берген жауынгерлердің аты тарихта мәңгі қалады. Аман-есен елге оралғандары әлі күнге дейін еліміз үшін қызмет етіп келеді. Барлық құрмет соларға лайық», — дейді Бақытжан Ертаев. Бүгінгі таңда осындай 372 ауған ардагері әртүрлі салада қызмет етіп, құқықтық тәртіп пен ел қауіпсіздігі жолында қызмет етіп келеді.